



Облыс

әкімшілігінің

19.12.2003

жылғы

N № 273

" а "

қаулысына қосымша

**2004-2005 жылдарға арналған Атырау облысы қалалары мен аудан орталықтарының сәулет-қала құрылысы бейнесін жақсарту жөніндегі өңірлік бағдарлама**

**1. Бағдарлама паспорты**

Атауы - 2004-2005 жылдарға арналған Атырау облысы қалалары мен аудан орталықтарының сәулет-қала құрылысы бейнесін жақсарту жөніндегі өңірлік бағдарлама (ілгері қарай - Бағдарлама).

Бағдарламаның қысқаша мазмұны - Осы бағдарламада облыстың қалалары мен аудан орталықтарының сәулет-қала құрылысы бейнесінің қазіргі жағдайына талдау жасалынған, нақты іс-шаралар кешені мен оларды жүзеге асыру жоспары белгіленген.

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі - 2004-2005 жылдар.

**2. Кіріспе**

Атырау облысы Гурьев облысы 1938 жылы құрылған және Қазақстан Республикасының оңтүстік батысында орналасқан.

Облыстың құрамына 7 әкімшілік аудандар (Құрманғазы, Исатай, Махамбет, Индер, Қызылқоға, Мақат, Жылыой) және 2 қала кіреді.

Облыс аумағы 140, 5 мың шаршы шақырым алып жатыр, яғни республиканың 4,8 п а й ы з ы н к ұ р а й д ы .

Облыста 2003 жылғы 1 қаңтарға 452 мың адам тұрды, оның ішінде: қала тұрғындары - 263,5 мың адам, ауыл тұрғындары - 188,4 мың адам, Қалалық елді мекендердің саны - 16 бірлік, соның ішінде - 2 бірлік, жұмысшы поселкелер - 14 бірлік, А у ы л д ы қ е л д і м е к е н д е р д і н с а н ы - 1 8 9 б і р л і к .

Облыс Ресей Федерациясы, Батыс Қазақстан және Орталық Азия көлік жолдарының аралығында ыңғайлы экономика-географиялық жағдайда орналасқан.

Еліміздің қоғамдық-саяси және экономикалық құрылымындағы өзгерістер сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асыруда жаңа тәсілдерді талап етуде.

Нарықтық қарым-қатынастың қалыптасуы жағдайында жоспарлық-қала құрылысын жоспарлау талаптарына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады.

Облыстың қалалары мен аудан орталықтарының сәулет-қала құрылысы бейнесін жақсарту мәселесі ең маңызды мәселенің бірі болып табылады.

**3. Мәселенің қазіргі жағдайын талдау**

Соңғы уақытта облыстың қалалары мен аудан орталықтарының сәулеттік бейнесі а й т а р л ы қ т а й өз г е р д і .

Тұрғын үйлердің, сауда мекемелерінің құрылысы қарқынды түрде жүргізілуде, тұрғын үйлердің 1-ші қабаттары кәсіпкерлік қызметінің объектілеріне қайта

жабдықталуда.

2003 жылдың қаңтар-қазан айларында тұрғын үй құрылысына 2781 миллион теңге инвестиция жұмсалынды, бұл 2002 жылдың сәйкес кезеңінен 43,1 пайызға артты.

Барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындар мен ұйымдар арқылы жалпы көлемі 153974 шаршы метр 1203 пәтер тұрғызылды, бұл 2002 жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен 1,4 есеге артық.

2003 жылдың қаңтар-қазанында облыстың барлығына жуық ауданында тұрғын үй құрылысын тұрғызу деңгейі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Құрманғазыда 2,3 есе, Атырау қаласында 2,1 есе, Махамбетте 1,7 есе, Мақатта 6 есе, Индерде 23,4%-ға, Исатайда 0,8%, ал Жылыойда 24,5%-ға төмендеді.

Облыстағы тұрғын үй құрылысы негізінен мемлекеттік емес секторлар арқылы жүзеге асырылды, оның қомақты үлесін тұрғындар құрады, олармен пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемінің тиісінше 81,6% және 80,4%-ы тұрғызылған.

Дегенмен, елді мекендердің инфрақұрылымын жаңартуды бұрынғы ескі тетіктерінің тіршілігін тоқтату және мемлекеттік реттеу негізінде ұйымдастыру, дамыту, жайластыру мен аумаққа құрылыс салу жаңа принциптерінің жоқтығымен қатар аумақты игеру белгілі келеңсіз салдарға әкеліп соқтырды.

Облыстың аудан орталықтарында негізгі заң құжаты бекітілген бас жоспар жоқ.

70-80 жылдары жасақталған елді мекендердің құрылыс салу сызбасы ескіріп, өзінің маңызын жойған.

Дайындалған аумаққа құрылыс салу жоспарының жоқтығынан құрылыс салуға жер телімдерін бөлу жоспарланбаған түрде жүргізілуде, бұл көбінесе нормативтік қала құрылыс талаптарымен мүлдем келісілмеді.

Өткен жылдарда құрылыс негізінен бос аумақтарда жүзеге асырылды, нәтижесінде қазіргі уақытқа дейін аяқталған қала құрылыс кешені, толықтай тұрғызылған даңғыл, сәулеттік тораб құрылмаған, аудан орталықтарын көріктендіруі өте қиын жағдайда.

Кәсіпкерлік қызметінің объектілеріне қайта жоспарланатын 1-ші қатарлар қасбеттерін бірыңғай стилінде ресімдеу мәселесі аяқталмаған.

Осы уақытқа дейін Атырау, Құлсары қалаларында және аудан орталықтарында инженерлік коммуникацияларын құжаттандыру, түгендеу жүргізілмеген.

Инженерлік шаруашылықты пайдалану мәселелері күннен күнге ауырлауда.

Бірде бір инженерлік қызметінде өзінің аймағындағы коммуникацияларды санамағанда басқа коммуникациялар туралы нақты және анық ақпараты жоқ.

Осы себептен жер жұмыстары орындалған кезде желілер бүлінуде.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Қала құрылысы саласының негізгі міндеті тұрғындардың толыққанды бағалы өмір сүру және тіршілік ету аумағын туғызу, аймақты қала құрылыс қызметі үшін тиімді

п а й д а л а н у  
т а б ы л а д ы .

б о л ы п

Бағдарламаның мақсаты - селолар және ауылдар, қалалардың даму және қайта құру процесінде сәулеттің идеялық-көркемдік деңгейін арттыру, сәулет-қала құрылысы ансамблінің, тұрғызылып жатырған тұрғын-азаматтық ғимараттар мен үйлердің, мәдени - тұрмыстық, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық және басқа да бағыттағы объектілердің мәнерлік шешімін қамтамасыз ету.

Облыс қалалары мен аудан орталықтарының сәулеттік-қала құрылыс бейнесін жақсарту қажеттілігі көптен бері пісіп жеткен, күннен күнге көкейтестілік болуда, сондықтан әзірленген бағдарлама өте уақытылы.

### **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және жүзеге асыру тетігі**

Облыстың қалалары мен аудан орталықтарының сәулет қала құрылысы бейнесінің жағдайын талдау көптеген маңызды мәселелерді айқындады, оларды шешуге келесі негізгі бағыттар ықпал ету тиісті:

1) Атырау, Құлсары қалаларының бос аумақтарына құрылыс салу жобасын жасақтау;

2) мемлекеттік қала құрылыс кадастрын құру және жүргізумен, жоспарлау жобаларымен қоса аудан орталықтарының бас жоспарын жасақтау;

3) қолданыста бар инженерлік коммуникация желілерін түгендеу және құжаттау;

4) аймақтың топографиялық түсірімін дайындау.

Облыстың қалалары мен аудан орталықтарының бейнесін ғимараттар мен құрылыстардың сәулеті ғана емес, белгілі дәрежеде ортаның элементтері анықтайды.

Ландшафттық сәулетсіз ортаны сәулет қала құрылыстық белгілі безендіру, яғни, экологиялық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын көгалдандырусыз толық безендіру болмас еді.

Осы бағытта "жасыл кілем" атты жоба жасақталады.

Бағалы эстетикалық ортаны қалыптастыруда фонтандар ерекше орын алады, олардың айналасында психологиялық жайлы және жайлы микроклимат аймағы құрылады.

Қалалар мен аудан орталықтарының сәулеттік бейнесінде сыртқы жарнама және визуалдық ақпарат құралдары орын алуда, 2003 жылдың 10 айында "Қала көркемдеу" МКК 723-жарнамалық құрылымдар орнатты, оның ішінде 204-билборд, 20-беклайт, 48-брандмауэр, 162-жарнамалық қалқан, 67-тотем, 218-лайтбокс, 4-тривижн.

### **6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері**

Бағдарламаның міндеттері мен мақсатын жүзеге асыру үшін күрделі салымдар мен материалдық-техникалық шығындар қажет.

Бағдарламаны қаржыландыру көздері болып шаруашылық субъектілерінің қаражаты, сонымен қатар басқа да заңға қайшы келмейтін көздері қаралған.

## 7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаның іс-шараларын жүзеге асыру тұрғындардың өмір жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді, облыстың қалалары мен аудан орталықтарын жоспарлауда оң факторларды күшейтіп, келеңсіз сәттерді жояды.

Жалпы бағдарлама қалалар мен аудан орталықтарының әлеуметтік дамуын жақсартуға бағытталған, соның ішінде жалпы сәулет саласын жетілдіру, аумақты көріктендіру және көгалдандыру шаралары қаралады.

Қалалар және аудан орталықтарының сәулет-қала құрылысы бейнесін жақсарту жөніндегі аумақтық бағдарлама қоса берілген іс-шаралар жоспарына сәйкес (өңірлік бағдарламаға қосымша) жүзеге асырылады.

### 2004-2005 жылдарына арналған бағдарламаны жүзеге асыру іс-шараларының жоспары

Р/С	Іс-шаралар	Аяқталу түрі	Орындауға (жүзеге асыруға) жауапты	Орындалу (жүзеге асыру) мерзімі	Болжамды шығындар	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қазіргі заманғы материалдарды қолдана отырып, автокөлік тұрақтарын ұйымдастырумен ғимараттардың қасбеттерін жаңғырту, аумақты көріктендіру мен көгалдандыру, контурлық иллюминацияны орнату, асфальт пен жаяу жол тақтасын төсеу. Қалалар мен аудан орталықтарының кірме жолдары мен көшелерін безендіру. Жеке құрылымдардың қаржысын қатыстырумен қалаларды көркемдеу, көрініс жарнамаларын жақсарту.	Нобай жобалары	Қалалар және аудандар әкімдері	2004-2005 жылдар		Барлық қаржыландыру көздері
2	Шағын сәулет нысандар құрылысын салу (балаларға	Нобай жобалары	Қалалар және аудандар әкімдері	2004-2005 жылдар		

	арналған ойын алаңдарын жайластыру).					Барлық қаржыландыру көздері
3	Атырау және Құлсары қалалары аймағындағы бос жерлеріне құрылыс жоспарларын әзірлеу.	Құрылыс салу жобасы	Атырау және Құлсары қалалары-ның әкімдері	2004-2005 жылдар		Барлық қаржыландыру көздері
4	Ауылды өркендету бағдарлама- сына сәйкес, аудан орталық-тары мен елді мекендерді » құрылыс салу жоспарларын әзірлеу.	Құрылыс салу жобасы	Аудан әкімдері	2004-2005 жылдар		Барлық қаржыландыру көздері
5	Қоғамдық бағыттағы нысандардың» құрылыс ба р ы с ы н бақылау.	Тексеру актісі	Қалалық және аудандық сәулет бөлімдері	2004-2005 жылдар		Талап етілмей-ді
6	Инвестиция есебінен салынып жатқан нысандарға мониторинг жүргізу.	Мониторинг	Қалалық және аудандық сәулет бөлімдері	Үнемі		Талап етілмейді
7	Қолданыста бар инженерлік құрылым жүйелерін құжаттандырып, түгендеу жүргізу.	Түгендеу актісі	Атырау, Құлсары қалалары-ның әкімдері	2004-2005 жылдар		Барлық қаржыландыру көздері
8	Әдірестік жоспар әзірлеу сызбасын реттеу.	Әкімдер шешімі	Атырау, Құлсары қалалары-ның әкімдері	Өрқашан-да		Барлық қаржыландыру көздері
9	Кейіннен оларды өндіріске ұсынумен шағын сәулет нысандар мен көріктендіру элементтерін әзірлеуге конкурстар ұйымдастыру .	Конкурс хаттама-сы	қалалық және аудандық сәулет бөлімдері	Үнемі		Барлық қаржыландыру көздері
10	Тозығы жеткен және авариялық тұрғын үйлерді күрделі жөндеу, бұзу жөніндегі аймақтық бағдарламаға қатысу.	Қалалар мен аудандар әкімдерінің шешімі	Қалалық және аудандық сәулет бөлімдері	2004-2005 жылдар		Барлық қаржыландыру көздері
11				¶Үнемі		Талап етпейді

	Сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік талаптар мен құрылыс салу ережелерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу.		Қалалық және аудандық сәулет бөлімдері			
12	Облыс бойынша елді мекендерде, Атырау, Құлсары қалаларының мөлтек аудандары мен тұрғын үй сілемдеріне спорт алаңдарын салу.	Жұмыс жобасы	Қалалар және аудандар әкімдері	2004-2005 жылдар		Барлық қаржыландыру көздері
13	Атырау қаласының ескі аумағын бөлшектеу жоспарының жобасын дайындау. Тұрғын қалашықты» жағалау аумағын көркейту және қайта жоспарлау жобасын дайындау, ойын, сауда және қызмет көрсету аумақтарын ұйымдастыру. «Тұрғын қалашығы» мөлтек аудандағы тарихи және мәдени мұраларды сақтау.	Жұмыс жобасы	Атырау қаласының әкімі	2004-2005 жылдар		Барлық қаржыландыру көздері
14	Облыс әкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық саладағы қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.	Ақпарат орындау	Қалалар және аудандар әкімдері	Үнемі		Барлық қаржыландыру көздері
15	Тиісті қызмет мекемелерімен бірлесіп құрылыс-құрастыру жұмыстарының және жоспарлау өнімдерінің сапасын арттыруға	Шаралар жобалау	Қалалар және аудандар әкімдері	Үнемі		

арналған іс-шараларды  
әзірлеу.

Б а р л ы қ



					қаржыландыру көздері
16	<p>Жаңа нысандар мен жер а с т ы инженерлік жүйелерді кірістіріп қалалар мен аудандар орталықтарының зерттелмеген аудандардың жерлерін топографиялық түсірімін жасау. Бірінші кезекте әлеуметтік жағдайды шешетін жұмыстарды атқару.</p> <p>Атырау қаласы бойынша:</p> <p>1) Атырау мөлтек ауданы</p> <p>2) Жұмыскер поселкесі</p> <p>3) СМП-163</p> <p>4) Әлиев-Құрманғазы көшелері</p> <p>5) СМП-136</p> <p>6) Еткомбинаты аумағы</p> <p>7) Контейнерная ауданы</p> <p>Аудандар бойынша:</p> <p>а) Махамбет поселкесі</p> <p>б) Исатай, Ақкыстау селолары</p> <p>в) Индербор поселкесі</p> <p>г) Ганюшкин селосы</p> <p>д) Миялы селосы</p> <p>е) Мақат, Доссор поселкелері</p> <p>ж) Құлсары қаласы</p>	1:500-1:1000 масштабтағы топотүсірілім	Қалалар және аудандар әкімдері	2004-2005 жылдар	Барлық қаржыландыру көздері, соның ішінде шаруашы-лық субъектілері
17	<p>Қазіргі құрылыс салуды (қалыптасқан және жаңа) ексере отырып Атырау қаласыны» бас жоспарын түзету. «Қаланың аумақтық даму сызбасы» және «көше-жол торабы және көлік сызбасы» тараулары бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу.</p>	Бас жоспар жобасы	Атырау қаласының әкімі	2004-2005 жылдар	Барлық қаржыландыру көздері

18	Атырау қаласы орталық бөлігіндегі гараждарды шығарып, арнайы бөлінген орындарға орнату.	Атырау қаласы әкімінің шешімі	Атырау қаласының әкімі	2004-2005 жылдар		Барлық қаржыландыру көздері
19	Жөндеу құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру.	Қала және аудан әкімдерінің шешімі	Қала және аудан әкімдері	2004-2005 жылдар		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК